



АСТАНА АКШАМЫ

ЕЛДІК ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗГА – ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ



Бұрнағы күні «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінде қала әкімінің орынбасары Аида Балаеваның төрағалығымен Астана қаласы әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның мерекелік отырысы өтті.

Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері 1992 жылы бекітілгені белгілі. Жиырма жылдан астам уақыт бойы Туымыз, Елтаңбамыз бер Әнұранымызы халқының рухтандырып келеді. Бірақ, оларды насихаттауда кемшін тұстар кездеседі. Бұл – Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібековтың ойы. Эр бес жыл сайын жаңа стандарт бекітілетінін айтқан ол осыған көңілі толмайтынын жеткізді. Әсіресе, Елтаңбаға қатысты: «Осы уақытқа дейін Елтаңбаны жасау, құрметтеу, дәріптеу ісі жоғары деңгейде емес. Оны жасауға лицензия алғандар стандарттар нормасын сақтамайды. Сапасын да қатырмайды. Саяси және тарихи маңызына да көңіл бөлмейді. Елтаңба – тек кеудеге тағатын немесе мекеменің іші-сыртына іліп қоятын логотип сияқты нәрсе емес» деген ол Елтаңбаны қазақтың жандуниесіне жақын дала мәдениетімен, әсіресе, киіз үймен байланыстырып жасағанын айтты.

Сөзін жалғастыра келе: «Елтаңба детальдары қандай мағына беретіндігіне ешкім бас қатырмайды. Желбау, күлдіреуіш, тоғын, басқұр, керегенің не екенін сұрасаң, көпшілігі білмейді. Киелі тұлпарлар мен жеті сақинаны бейнеледім. Жеті сақина – жеті атаны, тектілікті білдіретін ұғым. Мен өзім Елтаңбадағы бейнелерге қырыққа жуық атау бердім. Сол атауларды біліп отырып, оны жасайтын азаматтың елге, атамекенге, халыққа деген құрметі артады. Міне, Елтаңбаның сипатын жазып, жаңа стандартқа енгізсек, жастар бұған басқаша көзben қарайтын болады» деді.

Жандарбек Мәлібековтің рәміздерімізді тиісті деңгейде насихаттай алмай жатырмыз деген сөзімен келіскең Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары Амангелді Қашқымбаевтың пікірінше, Туымыз,

Елтаңбамыз берінің ұлттымыздың тарихы мен болмысын әйгілейді. Ол Ата Заңымыз бойынша рәміздеріміз еліміздің еркіндігі, тәуелсіздігі және егемендігінің символы екенін еске салып, оларды «Мәңгілік Ел» ұғымымен астастырыды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Күзет қызметінің бөлім басшысы Бауыржан Таңатаров Мемлекеттік Тұмыздың қандай рәсімдік іс-шараларда қолданылатындығынан хабар берді. Оның айтуынша, Мемлекеттік Ту – ҚР Президентін ұлықтау, шетел мемлекеттерінің басшыларын салтанатты қарсы алу, Отан қорғаушылар монументіне гүл шоқтарын қою және еліміздегі шетел елшілеріне Сенім грамоталарын тапсыру рәсімдерінің ажырамас бөлігі.

Қазақстанның стандарттау және сертификаттау институтының бөлім басшысы Евгений Цхай соңғы кездे Елтаңбаның мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейтіндігі жөнінде түрлі органдар мен жеке адамдардан түсетін шағымдар көбейіп отырғанын айтты. «Осыны ескеріп, стандартты қайта қарайтын арнайы жұмыс тобын құрдық. Елтаңба авторының философиясынан ауытқымау мақсатында оның құрамына Жандарбек Мәлібекұлын енгіздік. Атқарылған істердің нәтижесінде үстіміздегі жылдың 15 мамырында тиісті құжатты қабылдап, өкілетті органның сайтына жарияладық. Сондай-ақ, Елтаңбаны жасаушы 50-ден аса мекемеге құжатты жібердік. Ол құжатта Елтаңбаның түсіне, көлеміне, конструкторлық сызбасына қатысты өзгерістер бар. Сонымен қатар, Елтаңбаның кепілді мерзімін белгіледік. Бұл мерзім 3 жылды құрайды. Тиісті мекемелерде есқі Елтаңба жана стандартпен жасалған Елтаңбаға бірте-бірте ауыстырылатын болады» деді ол.

Оның сөзін нақтылай түскен Аида Балаева жаңа стандарттағы Елтаңбаның мекемелерге алынғаны-алынбағаны шартты түрде бір жылдан кейін тексерілетінін жеткізді. Жалпы, рәміздерді сатып алу ісіне келгенде конкурстық түйткілдер туындейтынын айтқан қала әкімінің орынбасары кейде бір ғана Ту сатылып алынып, ол жарамсыз болып қалғанда дер кезінде орнына жаңасының ілінбеуін сонымен түсіндірді.

Жастар арасында Мемлекеттік рәміздерді насиҳаттау маңызды. Бұл жұмыс жайлы Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Талғат Рахманберді егжей-тегжейлі баяндады. Оның айтуынша, елордада 85 мың студент, 15 жоғары оку орны мен 35 колледж бар. Қаламыздың ең белсенді жастары осы оқу орындарында оқиды. Барлық білім беру ошактарында құрылған Жастар ісі комитеттері тиісті жұмысты атқаруда.

Отырыстың сонында Аида Галымқызы Астана қаласы әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның бір жылдық

жұмысының нәтижесінде респубикалық комиссияға ұсыныстар жіберілетіндігін айтты. «Бүгінгі таңда тек мемлекеттік органдар құшімен рәміздерді насихаттау мүмкін емес. Оған еліміздің әр азаматы атсалысуы тиіс. Халқымыздың біраз бөлігі одан қашпайды да. Алайда, зан тұрғысынан оған шектеу қойылған. Онда «Мемлекеттік рәміздерді зансыз қолдану» деген анықтама бар. Бұл анықтама азаматтарымыздың қолын байлаپ, патриоттық сезімін көрсетуге тыйым салып отыр. Мәселен, кейбір адамдар Мемлекеттік Туды үйіндегі қастерлі орынға қойғысы келеді дейік. Бірақ, зан оған рұқсат етпейді. Осы жағдайда атап өтетін жайт – көптеген елдердің зандарында біздікіндей норма жоқ. Мысалы, шетелдерге шығып жүрген болсаңыздар, ол елдердің Туын жанар-жағар май құю станциясының мәндайшасынан да көре аласыздар. Осыған байланысты Парламент депутаттарына «ҚР Рәміздері туралы» Заңын қайта қарауды ұсынамыз. Екіншіден, рейтерді жасау барысында, негізінен, занды тұлғалар мен ірі үйымдар аталған Занды жиі бұзатынына көз жеткізіп жүрміз. Біз шара қолданып, тек 4 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын айыппұл ғана сала аламыз. Бұл айыппұлды занды бұзғандар жүғын көрмей, айыбын қайталап жүр. Сондықтан, занды тұлғалар мен ірі үйымдар үшін айыппұл көлемі екі есе өсірілсе еken дейміз. Ал, рәміздерді қорлайтындарға айыппұл салынбай, оларды бірден қылмыстық жазаға тарту керек. Стандарттарды сақтамайтын рәміздерді жасау мен жеткеруге лицензия алғандар да аттестаттаудан өтіп, қайта лицензиялаудан өткізілсе де артық емес» деген ол отырыста айтылған ұсыныстар да ескерусіз қалмайтынына сендерді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ